



20 19 жылғы "08" мамыр

" " 20__ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Көктұма ауылы

дана № 2

I. Кіріспе бөлік

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Ырғайты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - мекеме). Мекеме Алматы облысы Әділет департаментінің Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 16 маусымында қайта тіркеуден өтіп, заңды тұлға ретінде №140-1907-15-ММ нөмірімен тіркелген. Есеп айырысу операциялары Алматы облысы Қазынашылық Департаментінің Алакөл аудандық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ 79070106KSN0915160, бизнес сәйкестендіру номері: 130340009961.

Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудиттің мәні:

- 001 - «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»
- 008 - «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру»
- 009 - «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету»
- 011 - «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру»
- 013 - «Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру»
- 022 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»
- 040-«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске

ЫРҒАЙТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ	
ӘКІМІ	1
Кіріс № <u>65</u>	
" <u>08</u> " <u>мамыр</u> 20 <u>19</u> ж.	

Көшіріні жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007746

асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру»

Аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.

Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман - мемлекеттік аудиторы Алимханов Дінмұхамет Алимханұлы, мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы 2016 жылғы 05 желтоқсандағы № 0198 сертификат.

Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Манамұратовтың 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 02-16/6.36-145-Т мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы негізінде аудит жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қаңтарынан бастап, 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 03 мамыр - 08 мамыр аралығы.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

2019 жылғы 18 сәуірдегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/632 хабарламасы беріле отырып, Округ әкімі Дауренбек Кәдірбекұлы Мұқабаев ескертіп, есепші- бас маман Гүлім Жұмашқызы Есимбекованың қатысуымен жүргізілді. Аудитпен қамтылған мерзім аралығында:

- бірінші қол қою құқығы Д.К Мұқабаев;
- екінші қол қою құқығы Г.Ж Есимбекова;

Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: (жүргізілген кезде көрсетіледі).

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: 2017 жылдың 14 наурызынан бастап 17 наурызы аралығында Алматы облысы бойынша Тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудиторы С.Мұхашев 2016 жылдың қаңтарынан бастап, 2016 жылдың желтоқсан айын қоса алған кезеңде жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың ҚР заңнамаларына сәйкес атқарылуына аудит жүргізген. Аудит нәтижесі бойынша бұзушылықтар анықталмаған.

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы мекемеге нұсқама ұсынылмаған және аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен немесе бақылауда тұрған тапсырмалық тармақтар жоқ.

II. Негізгі бөлік

Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы 76888,7 мың теңге, соның ішінде жылдар арасында: 2017 жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар бөлісінде:

001 - «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 16677,4 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 16677,4мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

Есимбекова

013 - «Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 393,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 393,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

022 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 300,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 300,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

2018 жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар бөлісінде:

001 - «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 17500,4 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 17500,4 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

013 - «Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 397,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 397,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

008 - «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 9519,9 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 9519,9 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

009 - «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 3171,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 3171,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

011 - «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 13055,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 13055,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

022 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 500,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 500,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

040-«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 15375,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 15375,0 мың теңге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.


№1 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

Оның мәселелері:



Есменбетова



1.Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2.Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3.Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5.Мемлекеттік органдар пайдаланатын аландардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6.Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8.Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9.Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру.

10.Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

1.Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2017 жылдың басына 17370,4 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, соның ішінде бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

001 - «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 16677,4 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

013 - «Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 393,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

022 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 300,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

2018 жылдың басына 59518,3 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, соның ішінде бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

001 - «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 17500,4 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

013 - «Аудан көлемінде автожолдарды ұстау шығындары бойынша шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 397,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

008 - «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 9519,9 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

009 - «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 3171,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

011 - «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: 13055,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

022 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 500,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

040-«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 15375,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 15375,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған.

Мекемеде бюджеттік өтінімдерді жасау, тапсыру тәртібін сақтау, қаржыландырудың жеке жоспарын жасау, бекіту және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 жылғы №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесінің» талаптары басшылыққа алынған, шығыс ерекшеліктері бойынша қажеттілік есептері жасалған. Мекемеде негізсіз қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізулер жасалмаған. (№1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат (№3 қосымша аудиторлық есепке қоса тіркеледі)).

Бағдарламаның бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша аудиторлық есепке қоса тігіледі).

2.Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығын тексеру. Мекеме банк операцияларының жүргізуде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптары сақтала отырып, қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары

Есменкова

негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 «Шығындардың жиынтық есебі» Нысанына сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялар жүргізілмеген.

Бағдарламаның мемлекеттік мекемелердің Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша аудиторлық есепке қоса тігіледі).

3.Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын қорытып төлеу, 2017 жылдың 01 қаңтарына бекітілген штат кестесі мен тарифтеу тізіміне сәйкес жүргізілген. 2017 жылдың 01 қаңтарына мекеменің штат кестесі бойынша 7- штаттық бірлік саны, 614,6 мың теңге айлық еңбекақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп, Алакөл ауданының әкімі Ә.Ә Жақанбаевпен бекітілген.

2018 жылдың 01 қаңтарына бекітілген штат кестесі мен тарифтеу тізіміне сәйкес жүргізілген. 2018 жылдың 01 қаңтарына мекеменің штат кестесі бойынша 7-штаттық бірлік саны, 640,2 мың теңге айлық еңбекақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп, Алакөл ауданының әкімі Ә.Ә Жақанбаевпен бекітілген.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеуде ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V «Еңбек кодексі», ҚР Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын ҚР органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығын (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, 05.05.2018 жылы күші жойылған) және ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 «Мемлекеттік бюджет есебінен барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірінғай жүйесін бекіту туралы» Қаулысын басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметшілерге материалдық көмек, сыйақы және үстеме ақыларды төлеуде ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» Қаулысын басшылыққа алған.

2017 жылы техникалық қызметкерлерінің саны 6-бірлікті құраған. Айлық еңбек ақы қоры 298,8 мың теңге, тарифтік тізімін округ әкімі Д.К Мұқабаевпен бекітілген. 2018 жылы техникалық қызметкерлерінің саны 6-бірлікті құраған.



Жемісенова



Айлық еңбек ақы қоры 277,6 мың теңге, тарифтік тізімін округ әкімі Д.К Мұқабаевпен бекітілген.

Техникалық қызметкерлерге еңбекақы, сыйақы, үстемеақы төлеуде ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Аудит барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес есептелініп төленген.

Бағдарламаның мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы мәселесі тексерілді. Басқада бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

4. Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігін тексеру. 2017 жылы іс-сапарларға жіберу шығындары 161 ерекшелік бойынша 475,9 мың теңгені, 2018 жылы 280,0 мың теңгені құраған құраған. Іс-сапар куәліктері журналдарда тіркеліп, есебі жүргізілген, аванстық есептермен шығындар расталған.

2017 жылы іс-сапарларға жіберу шығындары 136 ерекшелік бойынша 56,6 мың теңгені құраған. Іс-сапар куәліктері журналдарда тіркеліп, есебі жүргізілген, аванстық есептермен шығындар расталған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулерде мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 қаулысын басшылыққа алған. (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) Сонымен қатар аудит барысында іссапар шығындарын өтеуде бұзушылықтар анықталмады.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мекеменің аппараты өзінің теңгеріміндегі әкімшілік ғимаратта орналастырылған. Мекеменің пайдаланатын алаңдарының, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына

Есенбекова

негізделген. Мекеменің теңгерімінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 213VV 2012 жылы шығарылған «Нива» қызметтік автокөлігі тіркелген.

Автобөлшектер орнату комиссия құрамы жасаған салу актілері негізінде, автокөлікке жанармай жол қағаздары бойынша нақты 100 км жүрілген жолға байланысты мекеме басшысы бекіткеннен кейін есептен шығарылып отырған. Есептен шығару нормаларын анықтауда ҚР Үкіметінің 11.08.2009 жылғы № 1210 «Автокөліктер және арнайы техникаларға арналған жанармай мен жұмсалатын материалдардың нормалары ережесін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған.

Бағдарламаның Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру. Коммуналдық төлемдерге қаржы жұмсаулар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 02 қарашадағы №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электрэнергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысында белгіленген көрсеткіштерге сәйкес жасалған, коммуналдық төлемдер бойынша аталған қызметтерді көрсететін кәсіпорндар мен келісім шарттарға отырып қаражаттар жұмсалған. Электр қуатын пайдалану үшін төлемдер «Жетісуэнерготрейд» ЖШС-мен, интернет және байланыс қызметі үшін төлемдер «Қазақтелеком» АҚ-филиалы-Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы Алақөл аудандық өндірістік телекоммуникация торабымен жасалған келісім шарттар негізінде қойылған есеп шот фактураларымен қаржы аударылып отырған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес жасалған.

Бағдарламаның Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру. Мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізуде 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексін, «Есеп саясатын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығын, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесін, ҚР Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы № 468 Бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну» Қағидасын басшылыққа алған. ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген



Есенбекова



Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» акпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Жылдық, жартыжылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бағдарламаның Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).


8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017-жылы 022-«Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылғы 14 ақпандағы №08, 09 келісім шарттары негізінде "Мекен . kz" ЖШС-мен 290,0 мың теңгеге ҚР Елтаңба (ішкі) 1-дана, ҚР Елтаңба (сыртқы) 1-дана, ҚР Туы (ішкі) 1-дана, ҚР Туы (сыртқы) 6-дана. 2017 жылғы 16 мамырдағы №30 келісім шарттары негізінде "Ардак и К" ЖК-мен 10,0 мың теңгеге Картридер 1-дана сатып алынған, барлығы 2017 жылы 300,0 мың теңге қаражат жұмсалған.

2018-жылы 022-«Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылғы 15 наурыздағы №16,17,18 келісім шарттар негізінде "Апетов А.К." ЖК-мен 1-дана Ноутбук 240,0 мың теңгеге, 1-дана компьютер жиынтығымен 180,0 мың теңгеге, 1-дана принтер 80,0 мың теңгеге сатып алынған, барлығы 2018 жылы 500 мың теңге қаражат жұмсалған. Алынған тауар-материалдық құндылықтар мекеме есебіне кіріске уақытымен алынып, қолданысқа жіберілген. (Тауар материалдық құндылықтарды тексеріп қарау акті, аудиторлық есепке №9 қосымша ретінде тіркелді). Бағдарламаның Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша -аудиторлық есепке қоса тіркеледі).

9.Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а)Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру; 2017-жылға Алакөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 желтоқсанындағы № 30-127 шешімімен 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» Ырғайты ауылдық округі бойынша автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметтерге «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші "Алакөл жолдары" ЖШС арасында 2017 жылдың 27 қаңтарда 393,0 мың теңгеге № 05 келісім-шарты жасалған. «Өнім беруші» 393,0 мың теңгенің жұмысын атқарылған жұмыстар актісімен тапсырған.



Есенбекова




2018-жылға Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсанындағы №24-5 шешімімен 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» Ырғайты ауылдық округі бойынша автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметтерге «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші "Алакөл жолдары" ЖШС арасында 2018 жылдың 13 ақпанда 397,0 мың теңгеге №10 келісім-шарты жасалған. «Өнім беруші» 397,0 мың теңгенің жұмысын атқарылған жұмыстар актісімен тапсырған.


б) Елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсанындағы №24-5 шешімімен 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» Ырғайты ауылдық округі бойынша көше жарығының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарына «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші ЖШС "Үшарал-көркейту" арасында 2018 жылдың 14 наурызында 5020,0 мың теңгеге №14 келісім-шарты жасалған. «Өнім беруші» 5020,0 мың теңгенің жұмысын атқарылған жұмыстар актісімен тапсырған. Сонымен қатар 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы 151 ерекшелік бойынша, Ырғайты ауылдық округі бойынша көше жарығының жарықтандыру жұмыстарына «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші «Жетысу Энерготрейд» ЖШС арасында 2018 жылдың 04 қаңтарда 16980,0 мың теңгеге №153286 келісім-шарты жасалған. Нақты 2018 жылға 1947,0 мың теңге 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша қарастырылып, аталған қаржы толық игерілген.

в) Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсанындағы №24-5 шешімімен 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» бойынша, елді мекендердегі абаттандырылған және көгалдандырылған орындарды күтіп баптап ұстау жұмыстары «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші ЖШС «Үшарал-Көркейту» арасында 2018 жылдың 20 наурыздағы №11 келісім-шарты сомасы 2155,0 мың теңгеге жасалған. Елді мекендердегі абаттандырылған және көгалдандырылған орындарды күтіп баптап ұстау жұмыстары «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші МКК «Алакөлжылу» арасында 2018 жылдың 15 наурыздағы №13 келісім-шарты сомасы 1000,0 мың теңгеге жасалған. Елді мекендердегі абаттандырылған және көгалдандырылған орындарды күтіп баптап ұстау жұмыстары «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші МКК «Алакөлжылу» арасында 2018 жылдың 15 наурыздағы №13 келісім-шарты сомасы 500,0 мың теңгеге жасалған. Сонымен қатар банер жасауға 2018 жылдың 31 қаңтардағы «Чингиз Инк» ЖК арасында №08 келісім-шарты жасалып сомасы 400,0 мың теңге құрады. Нақты 2018 жылға 4055,0 мың теңге 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша қарастырылып, аталған қаржы толық игерілген.



Геннадиева



г) *Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету*; Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсанындағы №24-5 шешімімен 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» Ырғайты ауылдық округі бойынша санитариясын қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметтерге «Тапсырыс беруші» мекемемен Өнім беруші «Алакөлжылу» МКК арасында 2018 жылдың 15 наурызда 171,0 мың теңгеге №12 келісім-шарты жасалған. «Өнім беруші» 220,0 мың теңгенің жұмысын атқарылған жұмыстар актісімен тапсырған.

д) *«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру*; 2017 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсанындағы №24-5 шешімімен өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы» бойынша 15375,0 мың теңгеге Ырғайты ауылдық округіне қарасты Көктұма ауылында жаяу жүргіншілер тротуарларын ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2018 жылдың 11 мамырдағы №21 келісім шарт бойынша, тапсырыс беруші «Алакөл ауданының Ырғайты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, орындаушы мердігер "Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алакөлжылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен бір көзден сатып алуға жасалынған, сомасы 15375,0 мың теңге. Келісім шарты бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың 31 шілде болып айқындалған. Атқарылған жұмыстар уақытында жұмыстары қабылдау комиссиясының актісімен қолданысқа қабылданып алынған, жұмыстар толық атқарылған, тапсырыс берушіге залал кетірілмеген.

Бағдарламаның Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша -аудиторлық есепке қоса тіркеледі).

10.Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер. Туындамады.

III. Қорытынды бөлік.

Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар: Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) Сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау: Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: аудит жүргізу барысында аудит бағдарламасымен қамтылған соманың, яғни 76888,7 мың теңгенің 1 пайызы сомасында нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздік, бұзушылықтар анықталуы. Аудиторлық тәуекел деңгейлері – жабдықтаушылармен және

Төлеубенова

мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының тексерілмеген түпнұсқалары. Іріктеу параметрлері – 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзім бойынша ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге - толығымен, келісім – шарттар – толығымен, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттары – әрбір үшінші құжат қаралды, іс-сапар құжаттары - толығымен, пайдаланатын алаңдар бойынша құжаттардың түпнұсқалары – толығымен, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың түпнұсқалары әрбір екінші құжат қаралды, 2017 - 2018 жылдардың қаржылық есептіліктері толығымен тексерілді. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздіктер анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеп алғанынан басқалары тексерілмеді. Аудиторлық есептің негізгі бөлігінде көрсетілген аудит бағдарламасының мәселелері бойынша қаралған сұрақтардың, аудит барысында анықталған бұзушылықтар сомасы аудитпен қамтылған қаражаттың шамамен 0,01 пайызын құрап отыр. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының заң бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке келтірген нұқсанның аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда пайыздық мөлшері аз екенін ескере отырып, қанағаттанарлық деңгейде деген пікір ұсынылады.

Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Болған жоқ.

Аудит барысында қолданылған шаралар: Болған жоқ.

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парақта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (3 парақта);
- 3) №1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №3 қосымша (3 парақта);
- 4) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы туралы апта сайынғы есеп №4 қосымша (1- парақта);

Есимбекова Тасар

